

ӘОЖ 314.68

**АУЫЛ ҮЙ ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТЫ: АҚМОЛА
ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА**

Алдияров Мадияр Махмуджанұлы

aldiyarovmadiyar@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтану кафедрасының магистранты

Ғылыми жетекші – Б.Ж.Смағамбет

Ауыл шаруашылығы Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік даму саласында маңызды рөл атқарады. 2019 жылы бұл сала ІЖӨ-нің 4,5% және жалпы еңбек нарығында осы секторда жұмыспен қамтудың 18% құрады. Ауыл шаруашылығы саласында Қазақстан жаһандық және өңірлік деңгейдегі ірі астық өндіруші және малды экспорттаушы мемлекеттердің қатарында [1-11], 2017 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан әлемде астықты экспорттаудан 11 орынды иемденді.

Соңғы 20 жылда ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі үш есе өсті, бірақ дамушы елдерде байқалған деңгейден едәуір төмен. Мысалы, Ұлттық экономика министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, ел халқының шамамен 45% ауылдық жерлерде тұрады және экономикалық белсенді халықтың шамамен 30% агроөнеркәсіптік кешенде жұмыс істеуден

табыс алады, жұмыспен қамтылған 8,5 млн адамның 2 млн аграрлық секторда жұмыс істейді [2-43].

Нарықтық қатынастардың дамуымен қатар қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы мәселелі алдыңғы қатарға шығып отыр. Кез-келген ауылдың өмірінде әлеуметтік-экономикалық стратегиясы әртүрлі болып келетін үй қожалықтарының бар екендігі қалыпты жағдай. Әлеуметтік стратификация болуымен ерекшеленетін әлеуметтік құрылым қалалық және ауылдық кеңістікте де тән құбылыс. Бұл ретте ауылдық кеңістіктегі үй қожалықтардың, ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық дифференциациясын анықтаудағы әлеуметтанулық талпыныстың маңызы зор.

Жалпы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық деп әлеуметтік агенттің әлеуметтік мақсаттары мен қоғамның оған беретін артықшылықтары мен игіліктері арасындағы тепе-теңдікті айтамыз [3-35]. Оның негізгі бағыттарына адамның әлеуметтік жеңілдіктерге қолжетімділігін қамтамасыз ету мен тұрақты табыс көзі кіреді. Сондықтан, ауылдағы күнделікті тұрмыстың тұрақтылық деңгейін бағалаудың басты көрсеткіштері ретінде қожалықтың әлеуметтік әл-ауқатын бағалау мен тұрақты табыс көздерін анықтау болды. Сондықтан бұл жұмыста біз модернизация процестерінің перспективаларындағы ауыл қожалығының рөлін, модернизацияның үй қожалықтары мүшелерінің әлеуметтік әл-ауқатына әсерін зерттеу міндетін қойдық.

Әлеуметтік әл-ауқат деп өмір сүру үшін қажет негізгі әлеуметтік-экономикалық игіліктерге қол жеткізу деңгейі және оның үй шаруашылықтары мүшелерінің қанағаттану деңгейімен байланысы ретінде анықтауға болады [4-121].

Ақмола облысының Бозайғыр және Тайтөбе ауылдарында жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижесінде қожалықты жүргізудің үш типі анықталды: біріншіден, қожалықтың кеңістіктік-экономикалық кеңею потенциалы; екіншіден, қожалықты жүргізу принциптері; үшіншіден қожалықтың бұрынғымен салыстырғандағы өзгеруі немесе өзгермеуі, болашақта қожалықты жүргізудегі жоспарының болуы немесе болмауымен байланысты. Қожалықты осындай критерийлер бойынша үш типке бөлу бізге үй қожалықтарын ірі (шаруашылық, жеке кәсіпкерлік, кооперациялық қожалық), орта және шағын қожалықтарға топтауға мүмкіндік берді. Қожалықтарды бұлай үш топқа бөлудің себебі – қожалықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен мүмкіндіктеріндегі айырмашылық. Бұл қожалықтың әлеуметтік-экономикалық стратегиясына баға берген кезде максималды репрезентативті нәтижені алуға мүмкіндік береді.

Аталған үй қожалықтарының үш типінде қожалықты ұйымдастыру процесі мен принципі әр түрлі, бұл үй қожалықтарының өмір сүруі мен дамуын анықтайтын әлеуметтік-экономикалық стратегиялардың айырмашылығымен де байланысты. Сонымен қатар, әлеуметтік тұрақтылықты анықтайтын екі негізгі көрсеткіштер бойынша қожалықтың әр типі әр түрлі деңгейдегі көрсеткішке ие.

Сауалнаманың нәтижелері бойынша ауыл тұрғындарының әлеуметтік әл-ауқатын өзін-өзі бағалау деңгейінің табыс деңгейі бойынша айырмашылығы анықталды: үй қожалығының жалпы табысы неғұрлым төмен болса, әлеуметтік әл-ауқатын өзін-өзі бағалауы соғұрлым төмен болады. Бұл арақатынас ауылдағы үй қожалықтарының табысын да анықтау арқылы анықталды.

Қожалықтардың қаржылық жағдайын бағалаудың негізгі өлшемдері ретінде қожалықтардың қаржы құралдарына қолжетімділігі мен нарықтық қатынастарға қатысу арқылы қаржы ресурстарын конвертациялау мүмкіндіктері қарастырылды. Үй қожалықтарымен жүргізілген сұқбат бойынша ірі үй қожалықтарында несие, субсидия және салық жеңілдіктері түрінде қаржы құралдарына қолжетімділіктің үлкен мүмкіндігі мен ауылшаруашылық өнімдерін сатуда жоғары табыстылыққа ие.

Алайда, ірі үй қожалықтарда шаруашылықты ұйымдастырудағы өзіндік қаржылық қиындықтар бар. Бұлар, біріншіден, жетілдірілген өсіру технологиясына көшуге мүмкіндік бермейтін үлкен амортизациялық шығындар, екіншіден, шығындар шаруашылықты жүргізудің кем дегенде екінші жылында ғана қайтарыла бастайды.

Қаржылық жағдайды анықтаудың объективті көрсеткіштердің бірі – тұрақты табыс көзі мен оның көлемі. Сауалнама нәтижелері бойынша шағын үй қожалықтарының айлық табысы жалпы алғанда 100 мың теңгеден аспайтындығы анықталды. Шағын үй қожалықтары қожалықтың салыстырмалы шағын ауданы мен шағын мөлшерімен сипатталады. Мал шаруашылығымен айналысатын шағын қожалықтардың мөлшері орташа алғанда 2-5 малмен шектеледі. Табыстың құрылымына негізінен мемлекеттік жәрдемақы мен қожалықтан түсетін қосымша табыс кіреді. Шағын үй қожалықтардың шаруашылықтың шағын мөлшерімен тұтынушылық сұранысты тудыру әлеуеті төмен, демек, олардың нарыққа «сатушы» ретінде қатысу деңгейі де төмен. Шағын қожалықтардың ай сайынғы табысы, мемлекеттік жәрдемақыны есептегенде, - тұрақсыз. Бұл фактор қожалықтың экономикалық қиыншылықтарды еңсеру мен ақшаны жинақтаудағы төмен мүмкіншіліктерін көрсетеді.

Орта үй қожалықтары табыс көлемі – 300-600 мың теңгемен сипатталады. Орта көлемдегі қожалықтардың мөлшері салыстырмалы жоғары – 10-20 мал, қожалыққа кірісетін мүшелердің саны – 3-5 адам. Сауалнама нәтижесінде орта көлемдегі қожалықтардың нарықтық қатынастарға «сатушы» ретінде қатысуы тұрақты екендігі анықталды. Табыстың құрылымы негізінен мал шаруашылығын түсетін кіріс құрайды, қосымша табыс көздеріне қожалықтағы мүшелердің ауыл шаруашылық емес типті еңбектен түсетін табыс кіреді. Орта көлемдегі қожалықтар кіші қожалықтармен салыстырғанда экономикалық қиыншылықтарды еңсеру мен жинақ салымын көбейту потенциалы әлдеқайда жоғары, сонымен қатар, олардың нарықтық қатынастарға ену потенциалы да жоғары.

Сонымен қатар, қожалықтардың күнделікті өміріндегі қосалқы шаруашылықтың рөлін де атап өткен маңызды, қосалқы шаруашылықтың болуы аталған қожалықтардың үш типіне тән құбылыс. Қосалқы шаруашылық үй қожалығына өз отбасына, қалада тұратын туыстарына азық-түлік алуға ғана емес, сонымен қатар, тауар алмасу арқылы, өнеркәсіп тауарларын сатып алуға қаражат жинауға мүмкіндік береді. Шаруашылықтың көлеміне байланысты қосалқы шаруашылық негізгі кіріс көзі немесе қосымша табыс көзі бола алады. Шағын үй қожалықтары үшін қосалқы шаруашылық негізгі емес, қосымша табыс көзі болып табылатыны белгілі болды. Керісінше, орта және ірі шаруа қожалықтары үшін қосалқы шаруашылық - негізгі табыс көзі.

Керісінше, орта және ірі шаруа қожалықтары үшін қосалқы шаруашылық негізгі табыс көзі болып табылады. Зерттеу алаңына қатысқан респонденттердің басым бөлігінің шаруашылық түрі – мал шаруашылығы. Мал шаруашылығы - Қазақстанның ауыл шаруашылығының жетекші салаларының бірі.

Қожалықтардың табысын анықтайтын ортақ мәселе – жердің болуы немесе болмауы. Ауыл шаруашылығында жер ресурстары - өндірістің маңызды және тұрақты құралы. Жер ресурстарын тиімді пайдалану ауылшаруашылығының және тұтастай елдің экономикасында үлкен маңызға ие. Мысалы, дүниежүзілік банктің мәліметтеріне сәйкес [5-61], 2002 жылғы жүргізілген шаруа қожалықтарын реформалау мен қайта құрылымдау саясатының нәтижесінде жеке шаруа қожалықтарға түскен жалпы малдың үлесі 90 пайызды құраса, жердің үлесі 37 пайызды құрады.

Үй қожалықтары орташа алғанда 49 гектар жер алды, бірақ алынған жер учаскелерінің орташа көлемі зерттеуге сәйкес 18,4 гектарды құрады. Үй қожалықтарының шамамен 14% алынған жердің бір бөлігін өздері пайдаланса, ал 16% ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына жалға берді, үй қожалықтардың 24% пайдаланылмаған жердің бір бөлігін қалдырып, 43% басқа тұлғалардың қарамағына жалға немесе тегін берді.

Ірі қожалықтардың маңайында мүлік түріндегі немесе жалға алатын жерлері бар болса, орта және шағын қожалықтардың маңайында жерлер тіпті болмайды немесе ауданы шағын болып келеді. Сауалнама нәтижесінде жердің үй шаруашылығын ұйымдастыру мен кеңейтудегі маңызы үлкен екендігі анықталды.

Сауалнаманың сандық нәтижелеріне сәйкес, орта көлемдегі қожалықтардың шаруашылық жерлері 10-нан 30 текше метрге дейін жетсе, кіші қожалықтардың

шаруашылық жерлері небәрі 5-10 текше жерді құрады. Бұл шамалардың маңыздылығы үй қожалықтарының экономикалық әлеуетін көрсетеді: ірі үй қожалықтары әрқашан шаруашылық жерін кеңейту үшін сандық факторға ие, ал шағын және орта қожалықтарда мұндай мүмкіндік жоқ. Басқаша айтқанда, «ірі» және «кіші» қожалықтар ұғымдары ретінде ең алдымен өндірістік қызметті жүргізудің қарқынды немесе экстенсивті тәсілінде көрінетін олардың сапалы айырмашылықтарын түсіну керек.

Егер шаруашылық үшін жер учаскесі меншік иесінің тиісті жалпы кіріс алу қабілеттілігінен жоғары болса, онда ол тиісті жалгерлік ақысын төлей алмайды немесе оның кірісі ол үшін ең көп кірісті қамтамасыз ете отырып, жалпы кірісті алуға болатын жердегі кірістен төмен болады. Бұл қожалықты ұйымдастырудағы қаржы құралдарының қызметі қарапайым бизнесті жүргізу сипатына сәйкес келетіндігін көрсетеді: қожалықты кеңейту немесе жақсарту үшін ақша капиталы қажет.

Осылайша, қаржылық құралдарға қатысты қолжетімділіктің төмендігі шағын үй қожалықтарының қаржылық жағдайының негізінде үнемі шырғалаң шеңберде қалуына себеп болып отыр. Бұған дәлел ретінде қожалықтың әлеуметтік және қаржылық жағдайдың соңғы 5-10 жылдармен салыстырғандағы өзгеруіне қатысты сұраққа жауаптарында шағын үй қожалықтарынан жауап берген респонденттердің басым бөлігінің жауабының орташа көрсеткіші -3;3 сандық шкала бойынша 0,6-ны (немесе «бейтарап») құрады: бұл соңғы жылдары үй қожалықтарының әлеуметтік-экономикалық тұрғыда жақсармағандығын немесе мемлекеттің әлеуметтік саясатының нәтижесінде әл-ауқат саласында кейбір оң нәтижелерге қол жеткізгендігін көрсетеді.

Сауалнама нәтижелері бойынша, шағын үй қожалықтарының кейбір бөлігі қожалықтағы әрбір отбасы мүшесінің күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар екендігі анықталды. Басты мәселе – шағын үй қожалықтардың тұрақсыз табыс көзімен анықталатын тұрақсыз әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Орта көлемдегі үй қожалықтармен салыстырғанда, шағын үй қожалықтарында ауылшаруашылық өнімдерін сатудан тұрақты коммерциялық табыс болмайды, шағын үй қожалығының қосалқы шаруашылықтары әдетте ешқандай табыс әкелмейді.

Осылайша, үлкен, орта және шағын үй шаруашылықтары арасында үлкен әлеуметтік-экономикалық алшақтық бар екендігін айта аламыз. Бұл алшақтық көбінесе табыс, қаржы құралдарына қолжетімділік, қожалық пен жер мөлшері сияқты факторлармен анықталады. Экономикалық тұрғыдан бұл алшақтық уақытпен қатар ұлғайып келеді, себебі орта немесе ірі қожалықтармен салыстырғанда, шағын үй қожалықтары шаруашылықты кеңейту мен табысты көбейтуге қажетті құралдарға қолжетімділігі төмен.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. OECD (2019), Мониторинг развития сельскохозяйственной кооперации в казахстане, oecd publishing, paris.
2. Анализ отрасли, «Сельское хозяйство» // консорциум ассоциаций АПК. – Алматы. – 2019. – 83 Б.
3. Albert Lauterbach, The American Journal of Economics and Sociology Vol. 12, No. 1, The Psychological Approach to the Social Sciences (Oct., 1952), pp. 35-48
4. Мирюкова М.А., Соколова В.Ф. Социальное благополучие многодетных семей // Издание «Ceteris Paribus», №5-2015. – 121-123 Б.
5. Дадвик Н. Аграрная реформа в пост-социалистическом пространстве: опыт Болгарии, Молдовы, Азербайджана и Казахстана / Дадвик Н., Фок К., Седик Д. – Вашингтон:Всемирный банк, 2007. – 104 Б.